

Шымкент қаласының 2021 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 171 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2021 жылғы 18 наурызда № 156 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 3-тармағының 7-1) тармақшасы және 62 бабының 6 тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шымкент қаласының 2021 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 83 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4401 тіркелген, 2018 жылы 19 қаңтарда "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Ш.Мұқанға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 18 наурыздағы
№ 171 қаулысына қосымша

Шымкент қаласының 2021 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Шымкент қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы	Бір тәрбиеленушіге бір күнге ата-ана төлемақысының
---	--

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілер саны		Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құнының бір айдағы мөлшері (теңге)				мөлшері (теңге) (арнайы мектепке дейінгі ұйымдар мен коррекциялық топтарын қоспағанда)	
	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым	Жекеменшік мектепке дейінгі ұйым	Мектепке дейінгі ұйымдағы жалпы дамыту топтары (10,5-сағаттық режимдегі топ)	Мектепке дейінгі ұйымдағы жалпы дамыту топтары (толық емес күн болатын топтар)	Мектепке дейінгі ұйымдағы санаторлық топтары (10,5-сағаттық режимдегі топ)	Мектепке дейінгі ұйымдағы коррекциялық топтары (10,5-сағаттық режимдегі топ)	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым мен мемлекеттік тапсырыс орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйым (жас ерекшелігіне қарай)	3 жасқа дейін
1.	18681	45100	37527	16135	55786	66779	436,75	527,94

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК